

ӘОЖ 83.3.5

ҚАЗІРГІ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТАРТЫС ПЕН ХАРАКТЕР

Махмутова Гүлсая

Gylsaya-96@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1- курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.к., профессор Қ.М.Байтанасова

Қазақ әдебиетіндегі драматургия жанры еліміз өз тәуелсіздігін алып, егемендігін жариялағаннан кейін өзіндік даму бағытымен, жанрлық үлгілері, көркемдік иірімімен, өзіндік өрісімен бағаланды. Егемендікпен қатарласа келіп ел өміріне енген өзгерістер, рухани әлеміміздің қазіргі күнмен байланысы, азат сана тудырған айрықша идеялар, тартыс үстінде көрінген характер бұл жанрды жеткізудегі авторлық ұстанымдар осы ғасырдағы драматургтердің шығармаларынан кеңінен көрінді. Тәуелсіздікпен қатар қаламгерлерге сөз бостандығы тиді. Бұрындары көлеңкеде қалып келген бірқатар жайттар қайта қаралып сахнаға шығарылды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Тандамалы сөздер» атты 7 томдық жинағында: «Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес. Ол - едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі», - дегеніндей, халқымыздың егемендік тұсындағы драматургиясы ұлттық сипаты нақты рухани мұраларын ұрпақ үшін басты бағдар етіп келеді. «Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып-түсіну, ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлық кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп, тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс» [1, 34].

Тәуелсіздік алғанда бұл жанрдың өз биігіне көтерілуіне септігін тигізген қаламгерлер болды. Олар: Әбіш Кекілбаев, Қалиқан Ысқақов, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Шерхан

Мұртаза, Баққожа Мұқай, Тынымбай Нұрмағамбетов, Серік Асылбекұлы, Исраил Сапарбай, Иран Ғайып, Сұлтанәлі Балғабаев, Шахимардан Құсайынов, Рақымжан Отарбаев, Жолтай Әлмашов, Роза Мұқанова, Думан Рамазан.

Тәуелсіздік кезеңіндегі драматургияның жанрлық-көркемдік даму бағыттарында да ауыз толтырып айтарлықтай ерекше жаңалықтар байқалды. Ұлт-азаттық күрес, ұлтжандылық мұраттар, елдік, ерлік дәстүрді келешек ұрпақ жадында жаңғырту заман шындығын жанр ауқымында адамның жан арпалысы, сезім сергелдеңі, рухани игіліктердің құнсыздануы т.б. құбылыстар арқауында шебер суреттеп, көркем қойылыммен көрерменге ұсынуда белгілі драматургтер қарышты қадаммен еңбектенді. Қазақ драматургиясына қосылған жаңа буын өкілдері де тың идея, өзіндік қолтаңбаларымен көрінді.

Драманың басты мақсаты – ақиқатты жариялау, қоғамның көкейтесті мәселелерін көтере отырып, сол қоғамның азаматтарына ой тастау, көкіректеріне сәуле беру болса, бүгінгі драматургтеріміз бұл мақсатты толығымен орындап жүр. Көрермен көзайымына айналып үлгерген, тәуелсіз ел таңында сахналанған бірнеше пьесалардың үлкен көшін атап кетуге болады. Олардың қатарын лирикалық тақырыптағы Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқов, Нармамбет Баймырзаұлы сияқты қоғам қайраткерлері мен ақын, әншілердің өмір жолы мен шығармашылығына арналған бірқатар туындылар құрайды. С.Тұрсынбектің «Мұқағали», Ә.Таразидың «Ақын, періште, махаббат», И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы», Д.Исабековтің «Тор» (М. Булгаковқа арналған), «Жаужүрек» (Балуан Шолақ туралы), «Актрисалар», белгілі актриса Айгүл Асанованың өмірі туралы сыр шертетін «Алтын тордағы тоты» пьесасы. Әлеуметтік тақырыпты, қоғамның шындығын, кертартпа жандардың пендешілік қасиеттерін суреттейтін С.Жүнісовтің «Қылмыскер», Р.Мұқанованың «Муза», «Шатыр астындағы Мен», «Мысықтар патшалығы», Н.Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді», С.Қасымбектің «Интервью» шығармалары бар. Бір шаңырақ астындағы күйбең тіршіліктің олқылық көрсететін тұстары отбасылық мелодрама тақырыбындағы С.Асылбекұлының «Күзгі романс», С.Сматаевтың «Көгілдір такси», С.Балғабаевтың «Сағыныш пен елес», Ә.Әмзеұлының «Қара кемпір» шығармаларында айқын көрінеді. Қазіргі қазақ драматургиясында комедия мен трагикомедия жанрлары да дамып келеді. Оған Т.Нұрмағамбетовтың «Қожанасыр тірі екен ...», Е.Жусабектің «Күлеміз бе, жылаймыз ба?» сынды шығармалары жатады. Ел тәуелсіздігін дәріптеу, тарих бетінде өз ерліктері үшін алтын әріппен жазылған аға-апаларымызды келешек ұрпаққа үлгі ету мақсатында дүниеге келген: Ш.Құсайыновтың «Томирис», Иран-Ғайыптың «Махамбет», Қ. Ысқақ пен Ш. Құсайыновтың «Қазақтар», Т. Мәмесейітовтің «Бәкей қыз», Ш. Мұртазаның «Домалақ ана», С. Асылбекұлының «Желтоқсан ызғары», С.Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» (Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов бейнелеріне арналған) сынды пьесалары - қазақ тарихының ақтандақ беттерін таза ақиқатпен бейнелеген туындылар. Драматургияның негізгі идеясы бір арнада тоғысқан қауымды тек өткен кезең тарихымен таныстыру емес, сонымен қатар келешек жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру, салт- дәстүріміз бен тілімізді, діліміз бен дінімізді насихаттайтын қойылымдар қою. Осы мақсатты жүзеге асыруда Т. Ахметжанның «Екі жүрек», Р. Отарбаевтың «Нашақор жайлы новелла», С. Қасымбектің «Күттірген махаббат» шығармаларының маңызы үлкен.

Тартыс – драматургияның ең негізгі бөлшегі. Ақиқат өмірді, оның өзіне сай қарама-қайшылықтарын бейнелеудегі маңызды құрал десек те болады. Тартыстың дамып жетілуіне біз өмір сүріп отырған қоғамның дамуы мен қаламгердің шеберлігі, қиялы қызмет етеді. Қаламгер таңдауы сан алуан болып келеді. Мысалы, әрбір қоғамның тек өзіне ғана сай қарама-қайшылықтары, дамуы, өту барысы, шешімі әр қилы болады. Оларды бір арнада тоғыстырып, ұштастырып көңілді тартыс құру тек драматургтің шеберлігіне байланысты. Конфликт үнемі суретті түрде емес, кейде кейіпкерлердің жан дүниесінде болып жатқан ішкі арпалыс, толғаныс күйінде де көрінуі мүмкін. Қызықты тартыс, мазмұнға толы диалог пен қақтығысқа толы тартыс барлық драманың шығармашылық құндылығын арттырады әрі көрермен көзайымы болатынына кепіл бере алады.

Ғасыр дертіне айналып, қоғамның індеті боп жабысқан нашақорлық тақырыбындағы белгілі қаламгер, драматург Р.Отарбаевтың «Нашақор жайлы новелла» деп аталатын шығармасы екі бөлім, төрт көріністен тұрады. Драманың негізі кейіпкері – Жалқытай – әкешешенің құдайдан сұрап алған жалғыз ұлдары. Мейірім мен әлпештеудің арқасында өскен Жалқытайдың мінезі осалдау болып келеді. Өмірінде еш қиындық көрмеген ол ер жете тұйықтала бастайды. Студент болып, қала өмірімен жете танысып, кейін қасында жүрген достарының жетелеуімен нашақорлардың ортасына түседі. Бұл Жалқытайдың басына түскен жағдай қазіргі күнде де бірталай жастың күнделікті арпалысына, ата-аналарының жан күйінішіне айналды. Жалқытайдың ессіз нәрсе үшін ақылға қонбайтын әрекеттері шығарманы көріп отырған көрерменнің жүрегін ауыртпай қоймайды. Жалқытай сияқты қаншама жас түзу жолдан тайып, сол жолда ата-ана, бауыр, достан айырылатыны да өкінішке орай бүгінгі заманның шындығы болып тұр. Жалқытай да «бір ұнтақ» үшін айрандай ұйып отырған ата-анасының өмір бойы жинаған мүлкін айлақор, наша сатушы Кәмила мен полиция майорына тасып, маза құтын қашырады. Жалқытай осындай нашар тірліктің, нашаның кесірінен ата-анасынан да, сүйген қызы Тоғжаннан да тірілей айырылады.

Осы тұрғыда академик Р.Нұрғали: «Трагедияның басты сипаты - басты кейіпкер үлкен қателік жіберіп, зор адасуға ұшырайды. Бұл- элеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қарым-қатынастар тудыратын, кейіпкердің өз-еркінен тыс, оның идеал-мұраттарын күйретіп, мақсатына жеткізбей мерт қылатын зауал іспетті, тағдыр, жазмыш бұйрығы тақылеттес ерекше ситуациялардан шығады» [2, 11],- деп анықтама береді.

Жалқытай осылайша теріс ағымның жетегінде кеткенде, ата-анасының жанында қамқор болып Тоғжан ғана қалады. Ұлдарының көрсеткен азабына шыдамай, қасірет шегіп өмірден өткен ата-ананың тағдыры, бір уыс топырақ бұйырмаған перзенттің қадірсіздігі шығарманы шыңның биігіне жетеледі десек болады. Сәбилік міндетті Жалқытайдың орнына Тоғжанның өтегені қынжылтады. Шығармада барша жақсылық мен пәктіктің белгісі болып – Тоғжан тұрады. Алаяқ Кәмиланың арбауына түскен Жалқытайды да адал жүрегімен кешіреді. Тоғжан Жалқытайдың арсызданып кеткен заманның құрбанына айналғанын іштей мойындау арқылы барлық кейіпкерлерден асқақ әрі биік тұрады.

Бүгінгі қоғамның келбетін суреттейтін драматург Р.Мұқанованың «Шатыр астындағы мен» шығармасы өмірдегі адамдардың әр түрлі келбетін сипаттайды. Трагикомедия жанрында жазылған бұл шығарма қоғамды ластап жатқан екі түрлі келбеттегі адамдардың тірлігі мен олардың өзгеге жасаған қиянаты туралы жазылған. Бұл жердегі кейіпкерлердің мінездері де, драматург тарапынан қойылған есімдер де олардың ажарын ашып, кейіпкердің бейнесіне баға беріп тұр. Драмадағы кейіпкерлердің барлығы дерлік үнемі қимыл үстінде болып, әрбір сөздері арқылы кейіпкерге сай мінезін көрсетеді.

Абайсыздан келген апаттан қайтыс болған Шрек есімді азаматтың жаназасына келіп тұрған «шатыр астындағылардың» ішінен сытылып шығып, Ерло темекісін түтіндетіп тұрып: - Ғажап... өмір қарама-қайшылықтан тұрады. Шатыр астындағыларды ұғып болмайсың» [3, 285], - деп шығарманы тәмәмдайды. Иә, Ерло кейіпкеріміз секілді туындыны оқып отырған қалың оқырман да кейіпкерлердің әрбір қылықтарына таң-тамаша болатыны күмәнсіз.

Келесі шығарма Р. Мұқанованың «Муза» драмасы. Бұл шығарма ақиқат ақын, қазақтың мандайына жұлдыз боп біткен М. Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық жолына арналады. Аурухана қабырғасындағы оқиғадан сюжеттік дамуды көруімізге болады. Бүкіл денесін дерт шарпыған ақын, аурухананың сұп-сұр, сап-салқын қабырғалары шығарманы керемет әсермен бояйды. Мұқағали өмірінің соңғы сағаттарындағы адами құндылығы, шығармашылығындағы тоқырау мен өрлеу сәттерін, мақсат-мұраттары жайындағы толғаныстарын, өмірінде болған әртүрлі қараңғылық сипаттарды автор драмаға арқау етеді.

Мұқағали: - Жоқ! *(ақырып қалды)* Жоқ! Тіпті де олай емес. Өлеңімнен саясат іздеме. Мен бөлекпін саясатыңнан. Осыны жадыға тұт. Менде поэзия бар. Менде...*(дауысы қалтырап)* Мендегі Муза! Мендегі лүпілдеп соққан жанның дірілі. Тындашы... Тындап көрсенші әуелі *(нәзік, тым нәзік бір әуен көктен құйылғандай. Бұл Моцарттың әуені.*

Мұқағалиды музыка құдіреті билеп кеткен, жылап отыр. Тарам-тарам жас, ағыл-тегіл. Екі қолын көкке жайды). Менің өлеңім жаннан жаралған. Жаңағы әуен жанға әсер етпеді ме? Ғажап... Ғажап... (көз жасын сұртті) Сен осы құдіретті сезімнен әлдеқандай ұсақ саясат іздеп шатасып тұрсың, шырақ. Өнерде жеке бастың қасірет-мұңы сөз болмайды. Тек сезілуі мүмкін, жаныңмен жаның мұңдасып» [4, 310]. Халқына сүйікті ақынның қоғамда алатын орны мен жеке басындағы психологиялық ауытқулардың барлығы Мұқағалидың ойындағы тартыс ретінде көрсетіледі. Шығармада автор Мұқағали мен Музаның арасында үзілмейтін бір байланыс бар екенін көрсетеді. Олар бір-біріне тәуелді.

Драмада Муза бейнесі әр түрлі көрініс беріп отырады. Ол бірде Мұқағалидың санасындағы естеліктер әлеміне бой ұрса, енді бірде бала күніндегі қыршын кеткен сүт сұраса айран берген сүйікті жеңгесіне айналып кетеді. Бірде көрші палатадағы сылқым келіншек болса, бірде жаңадан келген ауру бойжеткеннің бейнесінде Мұқағали ақынға елестейді. Автор өз кейіпкерлерін бейнелеуде, олардың сахналық тартыстарын беруде ерекше көркемдік тәсілдерді қолданады.

Шығармадағы конфликт Мұқағалидың ой-санасындағы сансыз сұрақтар мен толғаныстардың айқасуы арқылы беріледі. Өліммен арпалысып жатқан ақын ендігі қалған ғұмырын жанының серігі - өлеңі арқылы ұзартпақ болады. Дүниенің кеңдігін осы өлеңдерінен іздеп табады.

Мұқағали бейнесін көркем жеткізген Р.Мұқанова «өлеңдерінен Фаризаның өзін іздедім» [5], - деп «Фариза» деп шығармасын жарыққа шығарды.

Туынды қазақ халқының поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай "А+А Idea Fabric" продюсерлік орталығының басшылығымен еліміздің бас қалаларында, Мәскеуде қойылған еді. Шыншыл да сыршыл өлеңдерімен жұрттың жүрегіне жол тапқан, адалдығы мен ақындығы тең түсетін, қайсар да қайталанбас талант иесі - Фариза Оңғарсынова өмірі мен өлеңін ұштастыра отырып, өлеңнен өмірді, өмірден өлеңді тапқан. Мұнда да қоғам келбеті, айтыс-тартыс, өзгелердің кері тартпалауы, Мұқағали мен Фаризаның ортасында сергелдең болып айналып жүрген екі жүзді адамдар бейнеленген. Еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен кезден бері театр репертуарларындағы барлық жанрдағы шығармалар өз биігінен көрермен бағасын алып келеді.

Қазіргі отандық драматургиямыз әлемдік классикалық шығармалардан үлгі ала отырып, соның желісінде не болмаса сондай үлгіде ұлттық құндылықтарымызға сай, руханиятымызға теңестіріп, жаңаша үлгіде драма жанрының дамуына үлес қосуда. Оған дәлел ретінде тәуелсіздік алған жылдан бергі театр сахнасында көрініс тауып жүрген, маңызды тақырыптарды барынша қамтыған ұлттық пьесаларымызды айта аламыз.

Егемендікпен қатарласа келіп, ел өміріне ерекше ізімен енген өзгерістер, рухани әлеміміздің қазіргі күнмен байланысы, азат сана тудырған айрықша идеялар, тартыс үстіндегі көрінген характер, бұл жанрды жеткізудегі авторлық ұстанымдар осы ғасырдағы драматургтердің шығармаларынан кеңінен көрінді. Тәуелсіздікпен қатар қаламгерлерімізге сөз бостандығы тиді.

Драманың басты мақсаты – шындықты жариялау, қоғамның көкейтесті мәселелерін көтере отырып, сол қоғамның азаматтарына ой тастау, көкіректеріне сәуле беру болса, бүгінгі драматургтеріміз бұл мақсатты толығымен орындап жүр.

Жас ұрпаққа мақтана көрсететін бай тарихымызды әдебиеттің барлық жанрлары, соның ішінде драматургия саласы да танытып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003.
2. Р.Нұрғали . Арқау. Екі томдық шығармалар. Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. Монография. I том. – Алматы: Жазушы, 1991.
3. Р.Мұқанова. Шатыр астындағы Мен. Әңгімелер мен драма. – Алматы: Жазушы, 2008.
4. Р.Мұқанова . Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2004.
5. <https://egemen.kz/article/207508-roza-muqanova-olenhderinen-farizanyh-ozin-izdedim>